

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
КЕЛЕС АУДАНЫ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің
әлеуметтік педагогы Ж.Айтымбетованың
2021-2022 оқу жылында атқарған
жұмысының жылдық есебі



Жүзімдік ауылы
2022 жыл

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің 2021-2022 оқу жылында әлеуметтік педагогтың жылдық есебі

Мектебіміздің әлеуметтік педагогының 2021-2022 оқу жылының жоспары Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы, Неке (ерлі-зайыптылар) және отбасы туралы ҚР2011 жылғы 26 желтоқсанындағы №518-IV кодексі, Қазақстан Республикасының баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы және т.б нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделіп жасалынды. Жыл бойы жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылды. Осы оқу жылында мектептің әлеуметтік паспорты талапқа сай жасалынды. Мектебімізде қазіргі таңда жалпы 836 оқушы бар. Барлығы қазақша білім алады. Толық емес отбасылар 35, анасы жоқ балалар 1, әкесі жоқ балалар 34, көп балалы отбасы 302, аз қамтылған отбасы 38, жетім және қамқорлығынсыз қалған бала жоқ, Ата-анасы ажырасқан отбасы баласы 35, өгей ата-анамен тұратындар 5. Мектептегі барлық оқушылардың әлеуметтік картасы және сыныптың әлеуметтік куәлігі толтырылды.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына сәйкес бекітілген әлеуметтік педагогтың лауазымдық міндеттері 2021-2022 оқу жылына бекітілді.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасынан қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысын және Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығының 10-қосымшасына сәйкес жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаржыға аудандық білім бөлімі тарапынан жартылай жетім және әлеуметтік тұрмысы төмен өтініш берген 20 оқушыға мектеп формасы мен оқу құралы берілді. Ата-аналар мен балалар үшін бұл өте үлкен көмек.

Аз қамтылған және көп балалы отбасылар қатарындағы оқушыларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында «Мектепке жол» Республикалық акциясы аясында мектебімізде «Жастар ресурстық орталығының» демеушілігімен 5 оқушымызға оқу құралдары мен мектеп сумкасы берілді. Осындай жомарт адамдарға ата-аналар дән риза.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондайақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасынаң қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысын және Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығының 10-қосымшасына сәйкес мектепте жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаржыға жартылай жетім және әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларының балаларына бір мезгіл сапалы және қауіпсіз ыстық тамақ беру ұйымдастырылды. 1-11 сынып аралығындағы арнайы мәртебеге ие 20 оқушымыз мектеп асханасынан бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Оқушылар жыл бойы сапалы және құнарлы тамақпен қамтылды.

Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 24 сәуірде №20478 болып тіркелді. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес 5 оқушы қала сыртындағы жазғы сауықтыру лагерлеріне барып қайтты. Оқушылардың көңіл күйлері көтеріліп, жақсы демалып қайтты.